

Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылымының кейбір мәселелері туралы

Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2013 жылғы 12 сәуірдегі N 14/1 шешімі және Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 12 сәуірдегі N 123 біріккен қаулылары. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 сәуірде N 2251 болып тіркелді

Ескерту. Барлық мәтін бойынша "ауылдық (селолық)", "селолық" деген сөздері "ауылдық" сөзіне ауыстырылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 19 наурыздағы N 91 бірлескен қаулысымен және Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2015 жылғы 19 наурыздағы N 33/11 шешімімен (алғашқы ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 8-бабына және 11-бабының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағы 4) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысының аудандық өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Барлық тұрғындары көшіп кеткен немесе қоныс аударған Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бірліктері 1-қосымшаға сәйкес таратылсын.

2. Тұрақты халқының саны елу адамнан кем Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бірліктері 2-қосымшаға сәйкес таратылсын.

3. Солтүстік Қазақстан облысының елді мекендері осы бірлескен қаулы мен шешімнің 2-тармағында көрсетілген таратылған әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамына енгізу жолымен 3-қосымшаға сәйкес қайта құрылсын.

4. Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық округтері 4-қосымшаға сәйкес таратылсын.

5. Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық округтері осы бірлескен қаулы мен шешімнің 4-тармағында көрсетілген таратылған ауылдық округтердің елді мекендерін олардың әкімшілік бағыныштылығына бере отыра, 5-қосымшаға сәйкес қайта құрылсын.

6. Солтүстік Қазақстан облысының аудандық өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарына сәйкес осы бірлескен қаулы мен шешімнің 5-тармағында көрсетілген Солтүстік Қазақстан облысының қайта құрылған ауылдық округтерінің шекаралары

өзгертілсін.

7. Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданы Аютас ауылдық округінің Мерген ауылы Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданы Городецкий ауылдық округінің әкімшілік бағыныштылығына берілсін.

8. Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданы Городецкий және Аютас ауылдық округтерінің шекаралары Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарына сәйкес өзгертілсін.

9. Солтүстік Қазақстан облысының облыстық және аудандық атқарушы органдары таратылған әкімшілік-аумақтық бірліктерді есепті деректерден шығаруды қамтамасыз етсін.

10. Осы бірлескен қаулы мен шешім оны алғаш ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Ескендіров

*Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихатының хатшысы*

Қ. Едіресов

*Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихатының XIV сессиясының
төрағасы*

Е. Коноплева

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 12 сәуірдегі № 123 бірлескен қаулысына және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 12 сәуірдегі № 14/1 шешіміне 1-қосымша

Барлық тұрғындары көшіп кеткен немесе қоныс аударған Солтүстік Қазақстан облысының таратылған әкімшілік-аумақтық бірліктерінің тізбесі

№	Аудан атауы	Ауылдық округ атауы	Барлық тұрғындары көшіп кеткен немесе қоныс аударған әкімшілік-аумақтық бірлік атауы
1	Мағжан Жұмабаев	Пролетар	Моховое
2	Тайынша	Зеленый Гай	Жарқайың
3	Тимирязев	Комсомол	Первомайское

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 12 сәуірдегі № 123 бірлескен қаулысына және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 12 сәуірдегі № 14/1 шешіміне 2-қосымша

Тұрақты халқының саны елу адамнан кем Солтүстік Қазақстан облысының таратылған әкімшілік-аумақтық бірліктерінің тізбесі

№	Аудан атауы	Ауылдық округ атауы	Таратылған әкімшілік-аумақтық бірлік атауы
1	Ақжар	Ұялы	Жарқын

2	Ғабит Мүсірепов атындағы	Қырымбет	Мищенка
3	Ғабит Мүсірепов атындағы	Тахтаброд	Сазоновка
4	Жамбыл	Баянауыл	Муромское
5	Жамбыл	Железнен	Лапушки
6	Жамбыл	Железнен	Богатое
7	Жамбыл	Қазан	Усердное
8	Жамбыл	Майбалық	Жалтырша
9	Жамбыл	Пресноредут	Песчанка
10	Жамбыл	Пресноредут	Семиозерка

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 12 сәуірдегі № 123 бірлескен қаулысына және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 12 сәуірдегі № 14/1 шешіміне 3-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысының қайта құрылған елді мекендерінің тізбесі

№	Аудан атауы	Ауылдық округ атауы	Қайта құрылған елді мекен атауы	Қайта құрылған елді мекендердің құрамына енгізілген таратылған әкімшілік-аумақтық бірлік атауы
1	Ақжар	Ұялы	Ұялы	Жарқын
2	Ғабит Мүсірепов атындағы	Қырымбет	Сокологоровка	Мищенка
3	Ғабит Мүсірепов атындағы	Тахтаброд	Тахтаброд	Сазоновка
4	Жамбыл	Баянауыл	Баян	Муромское
5	Жамбыл	Железнен	Железное	Богатое, Лапушки
6	Жамбыл	Қазан	Қазан	Усердное
7	Жамбыл	Майбалық	Жаңажол	Жалтырша
8	Жамбыл	Пресноредут	Пресноредут	Песчанка
9	Жамбыл	Пресноредут	Ястребинка	Семиозерка

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 12 сәуірдегі № 123 бірлескен қаулысына және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 12 сәуірдегі № 14/1 шешіміне 4-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысының таратылған ауылдық округтерінің тізбесі

№	Аудан атауы	Таратылған ауылдық округ атауы	Таратылған ауылдық округтер құрамына енгізілген елді мекендер атауы
1	Айыртау	Жетікөл	Айыртау, Воскресеновка, Галицино, Қопа, Красногорка, Орловка, Саумалкөл
2	Ғабит Мүсірепов атындағы	Гаршин	Гаршино, Шақпақ
3	Жамбыл	Железнен	Железное

4	Жамбыл	Новорыбин	Миролубово, Новорыбинка
5	Жамбыл	Баянауыл	Баян, Баймағанбет Ізтөлін
6	Қызылжар	Долматов	Долматово, Красный яр
7	Мағжан Жұмабаев	Гаврин	Гаврино, Зарослое
8	Мағжан Жұмабаев	Майбалық	Майбалық, Сейфолла
9	Мағжан Жұмабаев	Пролетар	Б а р а ш к и , Тельман Пролетарка,
10	Тайынша	Краснокамен	Краснокаменка, Талап Мәдениет,
11	Шал ақын	Октябрь	Құртай, Тельманово, Ұзынжар,
12	Шал ақын	Ступин	Астаған, Жалтыр, Ступинка

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 12 сәуірдегі № 123 бірлескен қаулысына және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 12 сәуірдегі № 14/1 шешіміне 5-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысының қайта құрылған ауылдық округтерінің тізбесі

№	Аудан атауы	Қайта құрылған ауылдық округ атауы	Қайта құрылған ауылдық округке әкімшілік бағыныстылыққа берілген елді мекен атауы	Әкімшілік бағыныстылығында елді мекендер болған таратылған ауылдық округ атауы
1	Айыртау	Володар	А й ы р т а у , Воскресеновка, Галицино, Красногорка, О р л о в к а , Саумалкөл	Қопа, Жетікөл
2	Ғабит Мүсірепов атындағы	Чистополь	Г а р ш и н о , Шақпақ	Гаршин
3	Жамбыл	Преснов	Железное	Железнен
4	Жамбыл	Кладбин	М и р о л ю б о в о , Новорыбинка	Новорыбин
5	Жамбыл	Архангель	Б а я н , Б а й м а ғ а н б е т Ізтөлін	Баянауыл
6	Қызылжар	Вагулин	Красный яр	Долматов
7	Қызылжар	Березов	Долматово	Долматов
8	Мағжан Жұмабаев	Октябрь	Г а в р и н о , Зарослое	Гаврин
9	Мағжан Жұмабаев	Таманов	М а й б а л ы қ , Сейфолла	Майбалық
10	Мағжан Жұмабаев	Чистов	П р о л е т а р к а , Тельман	Пролетар
11	Мағжан Жұмабаев	Конюхов	Барашки	Пролетар
12	Тайынша	Летовочный	Краснокаменка, М ә д е н и е т , Талап	Краснокамен

13	Шал ақын	Юбилейный	Қ ұ р т а й , Т е л ь м а н о в о , Ұ з ы н ж а р ,	Октябрь
14	Шал ақын	Семиполь	А с т а ғ а н , С т у п и н к а	Ступин
15	Шал ақын	Городец	Жалтыр	Ступин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК